

**ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЗЕҢГЕ ҚАЗАҚСТАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН
МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ**

STATE SUPPORT FOR AGRICULTURE IN KAZAKHSTAN FOR THE MEDIUM TERM

**ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОДДЕРЖКА СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА КАЗАХСТАНА
НА СРЕДНЕСРОЧНЫЙ ПЕРИОД**

Б.Е. РУСТЕМБАЕВ¹

э.ғ.д., профессор

Д.Т. АХМЕТОВА^{2*}

э.ғ.к.

Р.М. ЖУНУСОВА²

э.ғ.к.

¹Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

²С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан

**автордың электрондық поштасы: dinra09@mail.ru*

B. RUSTEMBAYEV¹

Dr.E.Sc., Professor

D.T. AKHMETOVA^{2*}

C.E.Sc.

R.M. ZHUNUSOVA²

C.E.Sc.

¹Kazakh Research Institute of Economy of Agro-Industrial Complex and Rural Development, Almaty, Kazakhstan

²S. Seifullin Kazakh Agro Technical Research University, Astana, Kazakhstan

**corresponding author e-mail: dinra09@mail.ru*

Б.Е. РУСТЕМБАЕВ¹

д.э.н., профессор

Д.Т. АХМЕТОВА^{2*}

к.э.н.

Р.М. ЖУНУСОВА²

к.э.н.

¹Казахский научно-исследовательский институт экономики АПК и развития сельских территорий, Алматы, Казахстан.

²Казахский агротехнический исследовательский университет им.С. Сейфуллина, Астана, Казахстан

**электронная почта автора: dinra09@mail.ru*

Аңдатпа. *Мақсаты* - ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау негізінде үш жылдық кезеңге арналған бюджеттің кірістері мен шығыстарын талдау. *Әдістері* – салыстырмалы талдау негізінде ауыл шаруашылығы өндірісінің есептік көрсеткіштері, қаржыландыру көлемі қаралды. *Нәтижелері* – Қазақстанның 2024-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының есептік көрсеткіштерімен, сондай-ақ 2024-2025 жылдарға арналған бюджет көлемімен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасымен өзара байланысты 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасының негізгі параметрлері зерделенген. Республикалық бюджет жобасын қалыптастыру мәселелері ел экономикасын дамытудың базалық сценарийіне сәйкес ұсынылған. Негізгі бюджеттік функционалдық топтар бөлінісінде салыстырмалы нысанда республикалық бюджет шығыстарын қаржыландырудың мөлшері, құрылымы және негізгі бағыттары көрсетілген. *Қорытындылар* – аграрлық секторды қаржыландырудың негізгі

Түйінді сөздер: республикалық бюджет, кірістер, шығыстар, тапшылық, бюджеттік бағдарламалар, қаржылық қолдау, несие беру, функционалдық топтар, экономиканың нақты секторы, мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы.

Key words: republican budget, income, expenses, deficit, budget programs, financial support, lending, functional groups, real sector of economy, livestock farming, crop production.

Ключевые слова: республиканский бюджет, доходы, расходы, дефицит, бюджетные программы, финансовая поддержка, кредитование, функциональные группы, реальной сектор экономики, животноводство, растениеводство.

Кіріспе

2024-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын қалыптастырудың негізгі қағидаты 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары аясында еліміздің орта мерзімді кезеңге арналған бағыты мен міндеттерін дәйекті түрде жүзеге асыру болып табылады. Бұл ретте еліміздің 2024-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы, 2024-2025 жылдарға арналған бюджет параметрлері және Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасы негізге алынды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған негізгі ережелер ескерілді (Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы...) [1], (Қазақстан Республикасының 2024-2028 жылдарға...) [2].

Жүргізіліп жатқан реформаларды ескере отырып, шикізаттық емес сектордың үдемелі артуы есебінен экономикалық өсу көзделді. Бұған «Цифрлық Қазақстан» жаңа мемлекеттік бағдарламасы аясында цифрлық технологиялар негізінде келешегі бар салаларды дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар ықпал етеді.

Оған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту барысын көздеген арнайы ұлттық жобасын іске асыру арқылы агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты өсу қарқынын сақтауды қосамыз. Бұл ретте алдағы үш жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде елдің әлеуметтік-экономикалық даму жоспарының макроэкономикалық көрсеткіштерімен қатар, мемлекетіміздің заманауи экономикалық саясатының ережелері мен бағыттары ескерілді.

Қазіргі экономикалық саясат Қазақстанның 2050 жылға дейінгі стратегиялық бағдарламасында және Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында көзделген ережелерді ескере отырып жасалған. Онда жоспарланған реформалардың басты

мақсаты – 2029 жылға қарай ұлттық экономиканы екі есеге ұлғайтып, 450 млрд. долларға жеткізу үшін 6-7 пайыздық тұрақты экономикалық өсім екені атап өтілген.

Ел экономикасының нақты секторын, аграрлық экономиканы қоса алғанда қарастырып отырған жылдарға арналған болжамдық параметрлерді негізге алсақ, онда оларды қаржыландыруға бірқатар қаржы бөлінуде. Дегенмен, бұл саланы қаржылық қолдаудың жыл сайын қысқаруы байқалатынын атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасының үш жылдық жобасында ауыл шаруашылығына және онымен байланысты салаларға 2024 жылы 300,7 млрд. теңге, 2025 жылы 257,7 млрд. теңге және 2026 жылы 207,7 млрд. теңге бөлу қарастырылған, бұл жалпы шығындардың 1%-ын ғана құрайды (Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны бекіту туралы...) [3]. Қарастырып отырған саланы қаржыландыру мен бюджет тарапынан несиелендірудің жалпы көлемін қысқарту және олардың үлесін төмендету, ауыл шаруашылығының жалпы өнімін ұлғайтуға және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етпейді.

Әдебиетке шолу

Экономикалық әдебиеттерде экономикалық аграрлық секторды көптеген зерттеушілер ауыл шаруашылық кәсіпорындарды мемлекеттік қаржылық қолдау жүйесінің жұмыс істейтін принциптеріне көңіл бөледі. Қаржыландыру және несиелеу саласындағы зерттеулермен айналысатын көптеген ғалымдардың, атап айтқанда Утибаева Г.Б., Утибаев Б.С. және т.б. [4], Байкадамов Н.Т. Жакупова Б.А., Кельбетова С.Ж. [5] келесі пікірлерін ерекше атап өтуге болады, яғни мемлекет қаржысын тиімді және ұтымды пайдалану, яғни қаржылық көмектің бағдарламалық-мақсаттық сипатын; тікелей және жанама мемлекеттік қолдау құралдарының оңтайлы үлесін анықтау; республикалық және аймақтық қолдау шараларын саралау.

Денисов В.И. [6], Аймурзина Б.Т., Каменова М.Ж., Батай М. [7] өздерінің еңбектерінде ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп арасындағы айырбастың баламалылығын қамтамасыз ету қажеттілігін, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерден түсетін табыстардың теңдігі мен реттелуін, индикативті және директивті тәсілдерді қолдану арқылы мемлекеттік қолдаудың үздіксіздігін, ғылыми негізділігін, кешендік сипатын, сонымен қатар мемлекет тарапынан тиімді қаржылық қолдау көрсетуден экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әсерге қол жеткізу қажеттілігін атап көрсеткен.

Әр түрлі деңгейдегі бюджет қаражатын пайдалана отырып, қаржылық көмек көрсету шараларын саралап, оны іске асыру әлі де жеткіліксіз, өйткені ол тәжірибелік көрініске ие аймақтардың мүдделерін және олардың ерекшеліктерін ескере отырып, саланы басқару деңгейлері арасында қызметтерін нақты бөлу сұрақтары (Utibayeva G., Utibayev B., Zhunusova R.M. at al.) [8] еңбектерінде атап өтілген.

Қазақстан Республикасында аграрлық секторды несиелендіру мәселелері Конуспаев Р., Демесінов Т., Таипов Т. [9] сияқты Қазақстан ғалымдарының еңбектерінде көрсетілген, яғни ауыл шаруашылығын несиелендірудің болашағы ауыл шаруашылығы несиесі нарығын мемлекеттік реттеу және өзін-өзі реттеу құралдарының өзара іс-қимылы арқылы көрінеді. Мемлекет қазіргі кезеңде АӨК тікелей мемлекеттік қолдаудан бөлінген және банк секторы мен ауыл шаруашылығының өзара іс-қимылының нарықтық қағидаттарында дамып келе жатқан ауыл шаруашылығын несиелендірудің болашақ толыққанды жүйесін ұйымдастырушы рөлін атқаруға тиіс.

B.Aimurzina, A.Aidarova, G.Maulenkulova at al. [10] өздерінің еңбектерінде қазіргі жағдайда жұмыс істейтін қаржы құралдары мен тұтқаларының әсерлері әлі де болса ауыл шаруашылығының тұрақты өсуі мен дамуын қамтамасыз етпейтінін атап өткен. Мұнда ең алдымен мемлекеттік қаржылық қолдаудың негізгі нысаны болып табылатын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жеңілдетілген несиелеу жүйесі туралы айту керек.

Мұндай мемлекеттік қолдау үшін қысқа және ұзақ мерзімді несиелерді пайдалануға пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау болып табылады. Орта және шағын субъектілер мемлекет тарапынан берілетін мұндай субсидияларды әлі де

болса жеткіліксіз дейді, өйткені осындай көмек қазіргі кезде тек қана ірі ауыл шаруашылық тауар өндірушілеріне беріледі. Сонымен қатар, мамандар атап өткендей субсидияны беру шарттарын, яғни көлемін, ретін дамыту керек.

Осылайша, ауыл шаруашылығының өсуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қаржылық қолдаудың жаңа нысандары мен түрлерін, сондай-ақ қолданыстағы қаржы құралдары мен тұтқаларын жетілдіру қажет. Осы мәселелерді аймақтық деңгейде шешу керек, өйткені мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету жергілікті ерекшеліктер мен жағдайларға бағытталады.

Материалдары мен әдістері

Зерттеу әдістемесі болжамды бюджеттік көрсеткіштерді, бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру көлемін сипаттайтын динамикалық көрсеткіштерді салыстыру және есептеу әдістерін қолдануды қамтыды. Қойылған міндетті шешу үшін біз мақалада салыстырмалы талдау әдістерін қолдандық, цифрлық нәтижелер диаграммалар түрінде берілген.

Бұл мақалада зерттеу материалы ретінде 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасының үш жылдық болжамды көрсеткіштері пайдаланылды (Проект Закона Республики Казахстан...) [11]. Бұл ретте шығындардың функционалдық топтарын қаржыландыру үшін олардың көлемдерінің жеткіліктілігін ескере отырып, бюджеттің кіріс көздерін қалыптастыруға басты назар аударылды. Сонымен қатар, әзірленген үш жылдық бюджеттің Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған орта мерзімді Ұлттық жобасын іске асыруға бағытталу дәрежесі зерделенді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы бюджеттердің кіріс бөлігін қалыптастырудағы болжамды динамикалық өзгерістерді, сондай-ақ функционалдық топтар бойынша шығындар көлемін зерттеуде жатыр. Бұл тәсіл функционалдық топтар бойынша, оның ішінде ауыл шаруашылығы саласындағы бюджеттердің кіріс бөлігін және шығындар көлемін қалыптастырудағы өзара байланыстарды әдістемелік тұрғыдан дұрыс баға беруге ықпал етеді.

Нәтижелер

2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы негізінде қалыптастырылып, сонымен қатар 2021-2025

жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіп кешенін дамыту бойынша Ұлттық жобада белгіленген экономикалық саясат бағыттарына сабақтас және халықтың әл-ауқатын арттыру мен жалпы тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл ретте үш жылдық республикалық бюджетте көрсетілген ауыл шаруашылығын қаржыландыру мен несиелендіру көлеміне қатысты бюджет кірістерінің серпінді өзгерістері қызығушылық тудырады.

Бұл бюджеттік міндеттер еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму болжамымен сабақтас. Өйткені, Қазақстан Республикасының 2024-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, ең алдымен, ұлттық экономиканың макроэкономикалық тұрақтылығын сақтай отырып, еліміздің дамуы мен халқымыздың әлаухатын, сапасын жақсартуға бағытталған.

Экономикалық өсуді сапалы және тұрақты қамтамасыз етуді жоспарлау қашанда болса стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға негізделеді. Ал мұндай құжаттарда белгіленген индикаторларды іске асыру арқылы экономиканың дамуы жоспарланады, оның аясына, ең алдымен, еңбек өнімділігінің артуы, сосын экспортқа бағытталған өндірістің дамуы және өңдеуші өнеркәсіптің өсуі кіреді.

Осыған байланысты кейбір ғалымдар мемлекеттің инвестициялық саясатын іске асырудың тиімді құралдарының бірі ретінде бюджеттік инвестицияларды жоспарлау мен қаржыландырудың бағдарламалық-мақсатты механизмін пайдалануды негіздейтінін атап өтеміз. Мұндай бағдарламалардың басты құндылығы, біздің ойымызша, олар бюджеттік инвестициялардың көлемін де, оларды пайдаланудан күтілетін нәтижелерін де бақылай алады.

Бірқатар авторлардың ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуіне және ауылдық жерлерде кедейшіліктің төмендеуіне ғылыми ауыл шаруашылық зерттеулеріне, білім беруге және инфрақұрылымды дамытуға жұмсалатын шығыстар сияқты бюджет шығыстарының баптары ықпал етеді деген пікірімен келіспеуге болмайды. Өрине, бұл арада бірсыпыра жекелеген ғалымдардың да еңбектерін айтқан жөн, өйткені оларда да мемлекеттік ауыл шаруашылық бағдарламаларды қаржыландыру мен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерді әртүрлі әдістермен мемлекет тарапынан қолдау жөніндегі мәселелер қарастырылған (Мизанбекова С.К., Калыкова Б.Б., Нурманбекова Г.К.) [12].

Экономикасы дамыған елдерде (АҚШ), мысалы, мемлекеттік қолдау көрсету алдында ауыл шаруашылығында қаржылық қолдауды қажет ететін саланы және қажетті көмек көлемін анықтайды. Содан кейін өндірілген өнімдер айтарлықтай жоғары бағамен сатып алынады, осылайша өндірушілерді аз жұмысшылармен және төмен шығындармен жұмыс істеуге ынталандырады.


Алдағы уақытта халықтың аз қамтылған топтарына мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсеткен арнайы дүкендерден сол өнім түрлерін сатып алуға талондар беріледі. Міне, осылайша бұл елдер ауыл шаруашылығын дамытуды қолдау міндеті мен өмір сүру деңгейі төмен халықты қамтамасыз ету мәселелерін бір мезгілде шешеді (Akimbekova G., Nurmanbetova A., Zhussupov Y. at al...) [13].

Зерттеу материалы ретінде 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасының болжамдық көрсеткіштерін оқып-білу бағыттарында бірнеше көрсеткіштерді динамика қарастыру негізінде салыстыру және есептеу әдістерін пайдалану негізінде жүргізілді. Біз сол себептен, осы мақалада қарастырып отырған сауалдарды шешу барысында талдаудың салыстырмалы әдістерін қолдану нәтижесінде алынған есептеулерді диаграммалар түрінде ұсынып отырмыз (1 сурет).

Республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстарының болжамдық мөлшерлері келтірілген 1 суреттегі деректер бойынша кірістердің орташа жылдық өсу қарқыны 101,7%-ға тең болса, оның шығыстарының орташа жылдық өсу қарқыны 103,3% құрайтынын анықтадық.


Жалпы алғанда, кіріспен салыстырғанда шығындардың жылдам өсуі әрқашан теріс бағаланады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласын қаржыландыру құнын 2024 жылғы деңгеймен салыстырғанда 2026 жылға қарай шамамен 31%-ға қысқарту жоспарлануда. Оның құрамы мен құрылымы (бюджет қаражатын пайдалану бағыттары) 2 суретте толығырақ көрсетілген.

2 суреттегі мәліметтерден шығындардың бюджеттің функционалдық топтары бойынша үлес салмақтарын бағалауға болады. Республикалық бюджеттің әлеуметтік бағыттылығы бәрімізге мәлім. Сондықтан, шығындардың басым бөлігі осы «Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек» атты функционалдық тобына бағытталап отыр, яғни осы топтың үлесіне барлық шығындардың 2024 ж. - 23,1%, 2025 ж. - 26,0%, 2026 ж. - 26,2% келеді.



Ескерту: Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту... [3] деректердің негізінде құрастырылған.

1 сурет – Республикалық ауыл шаруашылығына арналған бюджеттің кірістері мен шығыстарының болжамдық параметрлері, млрд. теңге



Ескерту: Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту... [3] деректердің негізінде құрастырылған.

2 сурет – Республикалық бюджет шығыстарының құрамы мен құрылымы...%

Осы функционалдық топ бойынша болжамдалған қаржы көлемінің жылдан-жылға өсуінің себептері ретінде зейнетақылар мен жәрдемақыларды жоғарылату үшін әлеуметтік төлемдерді инфляция мөлшеріне индексациялау болып табылса, екінші жағынан – мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақыларын көтеру мен Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына мемлекет аударымдарды арттыру.

Мысалы, денсаулық сақтау шығындарын қаржыландыру 2024 жылға арналған болжам бойынша білім беруді қаржыландыру мөлшерінен 46,3% жоғары, ал одан кейінгі жылдары мұндай шығындардың өсу қарқыны шамалы (100,3% және 105,1%). Сонымен, ең жоғары өсім, 2 суреттегі мәліметтерден көрініп тұрғандай, жалпы шығындардың 6,9%, 7,7% және 4,4% құрайтын білім беру секторында қарастырылған.

Қарастырып отырған жылдарға арналған болжамдық параметрлерді негізге алсақ, онда ел экономикасының нақты секторын, аграрлық экономиканы қоса алғанда, оларды қаржыландыруға бірқатар қаржы бөлінуде. Дегенмен, бұл саланы қаржылық қолдаудың жыл сайын қысқаруы байқалатынын атап өткен жөн. Жасалған талдау көрсеткендей, үш жылдық республикалық бюджетте ауыл шаруашылығын қаржыландыруға көзделген қаражат көлемі 2024 жылғы 307 млрд. теңгеден 2026 жылы 207,7 млрд. теңгеге дейін немесе 31 пайызға қысқарған.

Бюджеттік несиелендіруге келетін болсақ, оның көлемі өткен жылдармен салыстырғанда айтарлықтай артып келеді. Мәселен, жобаны бюджеттік қаржыландыру көлемі 300,7 млрд. теңге болса, ауыл шаруашылығы саласына бөлінген сома 69,3 млрд. теңгеге немесе 23%-ға артып, болжам бойынша 370 млрд. теңгеге жетеді. Алайда келесі жылдары бюджеттік несиелеу 265 млрд. теңгеге немесе 28,4%-ға төмендеуі болжануда. Бұл, біздің ойымызша, саланы қаржыландыруды да, несиелеуді де негізсіз қысқарту.

Ауыл шаруашылығы саласындағы бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың көзделген көлемдеріндегі өзгерістер де ерекше қызығушылық тудырады. Бюджеттік бағдарлама бойынша қаржыландыруды 3 суреттен көруге болады.

3 суреттегі мәліметтерден ауыл шаруашылығына және онымен байланысты салаларға болжам бойынша бөлінетін қаржы ресурстары жыл сайын атқарылып жатқан бағдарламаларды көбірек қамтамасыз етуге бағытталатыны анық. Ондай бағдарламалар су, орман ресурстары мен жану-

арлар әлемін сақтау мен дамыту болып табылады. Одан кейінгі бағдарламалар ірі қара мал басын ұлғайту мен осы сала бойынша өнім өндіруге, өткізуге жағдай жасау болып табылады. Содан соң, негізгі ресурстардың бірі, атап айтқанда, жыртынды, жайылым, шабынды сияқты жерлерді пайдалануға арналған бағдарламаларды қолдауға бағытталған (Utibaev B.S., Zhunusova R.M.); (Рахметова А., Калкабаева Г., Курманалина А. и др.) [14, 15].


Бірақта, 2024 жылы мұндай қаражат көлемі 226,9 млрд. теңгені немесе қаржыландырудың жалпы көлемінің 75,5%-ын құраса, 2025 жылы олар 203,1 млрд. теңгеге немесе үлесі 10,5%-ға дейін қысқарады. Біздің ойымызша, су ресурстарын тиімді басқаруға байланысты бюджеттік бағдарламалардың күрт қысқаруы (92,5 млрд. теңгеден 28,0 млрд. теңгеге немесе 70%-ға жуық) негізсіз болып табылады, сондай-ақ қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту 7,2 млрд. теңгеден 0,1 млрд. теңгеге дейін немесе 98,7%-ға өсті. Мал шаруашылығын (44,3 млрд. теңге) және өсімдік шаруашылығын (шамамен 15 млрд. теңге) дамытуды қаржыландыру бірдей деңгейде күтілуде.

3 суреттегі мәліметтерден көріп отырғандай, 2024 ж. салыстырғанда 2025-ші және 2026 жж.-да білім мен ғылыми зерттеулерге болжамдалған қаражат бөлу қысқарғаны байқалады, сонымен қатар 2025 ж. арналған болжамға сәйкес жер ресурстары туралы ақпараттың қолжетімділігі артады.

Оңынан бағаланатын бір жайт – ол осы ауыл шаруашылығы саласында әртүрлі қызметтерді көрсетуге және басқаруға байланысты бюджеттік бағдарламаны қаржыландыруда белгілі бір төмендеу байқалғаны, бұл біздің ойымызша, осы саладағы дағдарыс жағдайында оң бағаланады, керісінше оны азайту керек.

Болжамдық көрсеткіштерден байқағандай, қарастырып отырған саланы қаржыландыру мен бюджет тарапынан несиелендірудің жалпы көлемін қысқарту және олардың үлесін төмендету, біздің ойымызша, ауыл шаруашылығының жалпы өнімін ұлғайтуға және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етпейді.

Осы алдымыздағы үш жылға болжамдалған республикалық бюджеттің нұсқауда белгіленген шығыстар көлемінің өсуі еліміздің жалпы ішкі өнімі құнының өсуінен аспайтынын байқауға болады және де бюджет шығындары мемлекеттік және салалық бағдарламаларды жүзеге асыруға көбірек бағытталған деп есептейміз.



Ескерту: Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту... [3] деректердің негізінде құрастырылған.

3 сурет – Бюджеттік бағдарлама және оны қаржыландыру, млрд. теңге

Талқылау

Осы алдымыздағы үш жылға болжамдалған республикалық бюджеттің нұсқауда белгіленген шығыстар көлемінің өсуі еліміздің жалпы ішкі өнімі құнының өсуінен аспайтынын байқауға болады және де бюджет шығындары мемлекеттік және салалық бағдарламаларды жүзеге асыруға көбірек бағытталған деп есептейміз. Сондай-ақ, қарастырып отырған алдағы үш жылға арналған республикалық бюджет жобасының барлық шығындардың орта есеппен 25,5%-ы әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамсыздандыруға, 10,1%-ден-саулық сақтауға, 6,3%-білім беруге бағытталғанын атап өткен жөн.

Басқа жақтан қарағанда мынадай жағдай орын алғанын айта кету керек – жалпы шығындардың 1,1%-ға жуығы ғана ауыл шаруашылығы мен онымен байланысты салаларды қаржыландыруға бағытталған. Өрине, бұл көрсеткішті ел экономикасының әлеуметтік салаға бағытталған шығындарымен салыстыру дұрыс болмайтын шы-

ғар, бірақта, неге бұл көрсеткішті, мысалға, мемлекеттік басқару аппаратын ұстауға кететін шығындармен салыстырмауға? Ондай салыстыру тек таңқаларлық жағдай, өйткені олар үш еседен астам жоғары.

Аграрлық секторды бюджеттік несиелеу көлемін кем дегенде 2020 жылға дейінгі деңгейде сақтау қажет деп санаймыз, бұл бюджеттік қаржыландыру жағдайындағы ауыл шаруашылығы өндірісінің ұлғаюын да қамтамасыз етеді. Бюджеттік несиелер негізінен ауыл шаруашылығына беріледі, бірақ олардың көлемі қысқарған. Бұл саланы бюджеттік қаржыландыру мен несиелендірудің көлемі мен үлесін айтарлықтай қысқарту, ең бастысы, ауыл шаруашылығын жеткіліксіз қаржыландыру, сайып келгенде бұл жалпы өнімнің ұлғаюына және оның бәсекеге қабілеттілігінің артуына әкеле алмайды.

Қорытынды

1. 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджеттің болжамды нұсқасын зерделеу негізінде, біріншіден, оның

шығыстарының үш жылдық өсу қарқыны ел экономикасының жалпы ішкі өнімінің жоспарлы өсу қарқынынан аспайтын деңгейде қамтылған, екіншіден, жылдар бойы сақталып отырған өзінің әлеуметтік бағытын жоғалтпағанын айтуға болады.

2. 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет кірістерінің болжамдық көлемі тұтастай алғанда өсу үрдісінде болса да, бірақта ондай түсімдердің өсуін экономиканың шикізаттық емес секторының тарапынан деп айтуға болмайды, өйткені бұл өсім мұнай кірістеріне тәуелді.

3. 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет шығыстарының ауыл шаруашылығы және онымен байланысты салаларды қаржыландыруға арналған үлесі орта есеппен алғанда бар-жоғы 1,1% шамасында болжамдалған.

4. 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет тарапынан жоғарыда айтылған аграрлық саланы қаржыландыру болжамы бүгінгі күні жүргізіліп отырған экономикалық саясатқа сай емес екенін айтуға болады.

5. Аграрлық-өнеркәсіптік саланың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін бюджет тарапынан жасалатын әртүрлі қаржылық көмектің көлемін ғана арттыру емес, сондай-ақ, қаржыландырудың жалпы үлесі де артқаны орынды болар еді.

Барлық қорытындылардың түйіні ретінде бір ғана мынадай ой-пікірді атап өтсек: егер мемлекет тарапынан ауылдық экономиканы дамытуға жасалып жатқан қаржылық көмектер жеткілікті деңгейде бір жолды экономикалық саясат негізінде жүргізілсе, жоғарыда келтірілген әртүрлі талқылаулар мен ұсыныстар тек бір шартта жүзеге асады.

Авторлардың үлесі: Рүстембаев Базархан Ергешұлы: тұжырымдамалау, әдіснамалау және көрнекіліктеу; Ахметова Динара Толеухановна: мәліметтер жинау мен зерттеу нәтижелерін талқылау; Жүнісова Раушан *Мустафиевна*: талдау, редакциялау және басылымды өңдеу.

Мүдделер қақтығысы: барлық авторлардың атынан корреспондент-автор мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

[1] Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары», 01 қыркүйек 2023 жыл [Электрондық ресурс]. 2023.- URL: <https://www.akorda.kz/public/kz> (қаралған күні 14.12.2023).

[2] Қазақстан Республикасының 2024-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономи-

калық даму болжамы, РБК-нің 2023 жылғы 17 мамырдағы отырысында мақұлданды, №9 хаттама [Электрондық ресурс]. 2023.- URL: <http://www.gov.kz> (қаралған күні 14.08.2023).

[3] Қазақстан Республикасының агро-өнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 732 қаулысы [Электрондық ресурс].-2021.-URL: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000732> (қаралған күні 05.09.2023).

[4] Утибаева, Г.Б. Эффективность деятельности кредитных товариществ и кредитных сельхозтоваропроизводителей / Г.Б. Утибаева, Б.С. Утибаев, Р.М. Жунусова, Д.Т. Ахметова // Вестник науки КазАТУ им. С.Сейфуллина. – 2019. - №3 (102). – С.283-292.

[5] Байкадамов, Н.Т. Меры государственной поддержки агропромышленного производства Республики Казахстан / Н.Т. Байкадамов, Б.А.Жакупова, С.Ж.Кельбетова // Проблемы агорынка. – 2020.- №3.-С.51-59.

[6] Денисов, В.И. Ускорение развития аграрного сектора экономики России на основе повышения эффективности государственной поддержки сельских товаропроизводителей / В.И. Денисов // Проблемы прогнозирования. – 2019. – № 1.– С. 95–105.

[7] Аймурзина, Б.Т. Роль аграрного сектора Казахстана в обеспечении продовольственной безопасности / Б.Т., Аймурзина, М.Ж. Каменова., М. Батай // Проблемы агорынка. – 2019. – № 2. – С. 20–27.

[8] Utibayeva, G.B. Implementation of the republican budget and assessment of agricultural financing: A case study / G.B. Utibayeva, B.S. Utibayev, R.M. Zhunusova, B.I. Tukenova, D.T. Akhmetova, A.K. Baidakov // Entrepreneurship and Sustainability Issues. - 20219. - №7 (2). – P.919-928.

[9] Конуспаев, Р. Қазақстан Республикасының аграрлық секторындағы несиелендіру /Р.Конуспаев, Т.Демесінов, Т.Таипов // Проблемы агорынка. - 2019. - №3. – Б.92-98.

[10] Aimurzina, B. Financing the Agricultural Sector of the Economy and Its Impact on Sustainable Environmental Aspects / B. Aimurzina, A. Aidarova, G. Maulenkulova, M. Daurbaeva // Journal of Environmental Management and Tourism. -2022. -№13(5). –P.1481-1492.

[11] Проект Закона Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2024-2026 годы» от 21 августа 2023 года [Электронный ресурс].- 2023.- URL: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/Z2300000043/info> (дата обращения: 13.12.2023).

[12] Мизанбекова, С.К. Приоритетные направления регулирования агропродовольственного рынка / С.К.Мизанбекова, Б.Б. Калыкова, Г.К. Нурманбекова // Проблемы агорынка. – 2019. - №1. – С.30- 39.

[13] Akimbekova, G. Priority Areas for Increasing the Competitiveness of the Agro-Industrial Complex and Environmental Sustainability / G.Akimbekova, A.Nurmanbetova, Y.Zhussupov, G.Kaliakparova, Y.Khan. - 2022. - 13(1). - P. 39-50.

[14] Utibaev, B.S., Zhunusova R.M. Evaluation of the effectiveness of the agrarian credit corporation / B.S. Utibaev, R.M. Zhunusova //News of the Issyk-Kul Forum of Accountants and Auditors of Central Asian Countries. –2020.-No.1(28).-P. 110–114.

[15] Рахметова, А. Финансово-кредитный и инновационный секторы экономики: оценка макроэкономических эффектов регулирования и взаимодействия секторов / А. Рахметова, Г. Калкабаева, А. Курманалина, Г. Серикова, Б. Аймурзина // Проблемы предпринимательства и устойчивого развития. – 2020. -№8 (1). –С. 1224-1237.

References

[1] Prezidenttiñ Qazaqstan halqyna Joldaуy «Ädiletti Qazaqstannyñ ekonomikalyqbağdary», 01 qyrküiek 2023 jyl [Address of the President to the people of Kazakhstan "Economic direction of fair Kazakhstan", September 1, 2023] (2023). Available at: <https://www.akorda.kz/public/kz> (date of access: 05.09.2023) [in Kazakh].

[2] Qazaqstan Respublikasynyñ 2024-2028 jylдарға арналған әлеуметтік-ekonomikalyq даму болжамы, RBK-ниñ 2023 jylғы 17 мамырдағы отырысында мақұлданды, №9 hattama [Government of the Republic of Kazakhstan. Socio-economic development plan for 2024-2028, approved by the meeting of RBK on May 17, 2023, No. 9 bulletin] (2023). Available at: <http://www.gov.kz> (date of access: 14.08.2023) [in Kazakh].

[3] Qazaqstan Respublikasynyñ agroñnerkäsiptik keşenin damytu jönindegi 2021–2025 jylдарға арналған ұлттық jobany bekitu turaly. Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2021 jylғы 12 qazandaғы № 732 qaulysy [National plan for the development of the agro-industrial sector of Kazakhstan for 2021-2025. Decree No. 732 of the Government of the Republic of Kazakhstan dated November 12, 2021] (2021). Available at: <http://www.adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000732> (date of access: 05.09.2023) [in Kazakh].

[4] Utibaeva, G.B., Utibaev, B.S., Junusova, R.M., Ahmetova, D.T. (2019). Efektivnost' deiatelnosti kreditnyh tovarişestv i kredituemyh selhoztovaroпрoизводitelei [Efficiency of credit cooperatives and agricultural producers' credits]. *Vestnik nauki KazATU im. S.Seifullina - Bulletin of Science of KazATU named after S.Seifullin*, 3 (102), 283-292 [in Russian].

[5] Baikadamov, N.T. Jakupova, B.A., Kelbetova,S.J. (2020). Mery gosudarstvennoi podderjki gropromыşlennogo proizvodstva

Respubliki Kazahstan [Measures of state support for agro-industrial production of the Republic of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 3, 51-59 [in Russian].

[6] Denisov V.I. (2019). Uskorenie razvitija agrarnogo sektora jekonomiki Rossii na osnove povыsheniya jeffektivnosti gosudarstvennoj podderzhki sel'skih tovaroproizvoditelej [Accelerating the development of Russia's agricultural sector through increased efficiency of state support for rural producers], *Problemy prognozirovaniya - Forecasting Issues*, 1, 95–105 [in Russian].

[7] Ajmurzina B.T., Kamenova M.Zh., Bataj M. (2019). Rol' agrarnogo sektora Kazahstana v obespechenii prodovol'stvennoj bezopasnost [Role of Kazakhstan's agricultural sector in ensuring food security]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 2, 20–27 [in Russian].

[8] Utibayeva, G.B., Utibayev, B.S., Zhunusova, R.M., Tukenova, B.I., Akhmetova, D.T., Baidakov, A.K. (2019). Implementation of the republican budget and assessment of agricultural financing:A case study. *Entrepreneurship and Sustainability Issues*, 7 (2), 919-928.

[9] Konuspaev, R., Demesinov, T., Taipov, T. (2019). Qazaqstan Respublikasynyñ agrarlyq sektoryndaғы nesielendiru [Investment in the agricultural sectors of Kazakhstan]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 3, 92-98 [in Russian].

[10] Aimurzina, B., Aidarova, A., Maulenkulova, G., Daurbaeva, M. (2022). Financing the Agricultural Sector of the Economy and Its Impact on Sustainable Environmental Aspects. *Journal of Environmental Management and Tourism*, 13(5), 1481-1492.

[11] Proekt Zakona Respubliki Kazahstan «O respublikanskom bjudzhetе na 2024-2026 gody» ot 21 avgusta 2023 goda [Draft Law of the Republic of Kazakhstan "On the republican budget for 2024-2026" dated August 21, 2023] (2023). Available at: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/Z2300000043/info> (date of access: 13.12.2023) [in Russian].

[12] Mizanbekova, S.K., Kalykova, B.B., Nurmanbekova, G.K. (2019). Prioritetnye napravlenia regulirovaniya agroprodovol'stvennogo rynka [Priority areas for regulating the agro-food market]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, 1, 30- 39 [in Russian].

[13] Akimbekova, G., Nurmanbetova, A., Zhussupov, Y., Kaliakparova, G., Khan, Y. (2022). Priority Areas for Increasing the Competitiveness of the Agro-Industrial Complex and Environmental Sustainability. *Journal of Environmental Management and Tourism*, 13(1), 39-50.

[14] Utibaev, B.S., Zhunusova, R.M. (2020). Evaluation of the effectiveness of the agrarian credit corporation. *News of the Issyk-Kul Forum of Accountants and Auditors of Central Asian Countries, Bishkek*, 1 (28), 110–114.

[15] Rahmetova, A., Kalkabaeva, G., Kurmanalina, A., Serikova, G., Aimurzina, B. (2020). Finansovo-kreditnyi i innovatsionnyi sektory ekonomiki: osenka makroekonomicheskikh efektov regulirovaniya i vzaimodeistvia sektorov [Assessment of macroeconomic effects of regula-

tion and interaction of financial, credit, and innovation sectors of the economy]. *Problemy predprinimatelstva i ustoychivogo razvitiya – Problems of entrepreneurship and sustainable development*, 8 (1), 224-1237 [in Russian].

Авторлар туралы ақпарат:

Рүстембаев Базархан Ергешұлы; экономика ғылымдарының докторы, профессор; Басқарма Төрағасы; Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты; 050057 Сатпаев көш., 30б, Алматы қ., Қазақстан; e-mail: diartur@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0523-5648>.

Ахметова Динара Төлеухановна – **негізгі автор**; экономика ғылымдарының кандидаты; «Есеп және қаржы» кафедрасының доценті; С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті; 010011 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан; e-mail: dinra09@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-6107-6565>.

Жунусова Раушан Мустафиевна; экономика ғылымдарының кандидаты; «Есеп және қаржы» кафедрасының доценті; С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті; 010011 Жеңіс даңғ., 62, Астана қ., Қазақстан; e-mail: ubs_51@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0018-8424>.

Information about authors:

Rustembayev Bazarkhan; Doctor of Economic Sciences, Professor; Chairman of the Management Board; Kazakh Research Institute of Economy of Agro-Industrial Complex and Rural Development; 050057 Satpayev str., 30b, Almaty, Kazakhstan; e-mail: diartur@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0523-5648>.

Akhmetova Dinara Toleukhanovna - **The main author**; Candidate of Economic Sciences; Associate Professor of the Department of Accounting and Finance; S. Seifullin Kazakh AgroTechnical Research University; 010011 Zhenis Ave., 62, Astana, Kazakhstan; e-mail: dinra09@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-6107-6565>.

Zhunosova Raushan Mustafievna; Candidate of Economic Sciences; Associate Professor of the Department of Accounting and Finance; S. Seifullin Kazakh AgroTechnical Research University; 010011 Zhenis Ave., 62, Astana, Kazakhstan; e-mail: ubs_51@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0018-8424>.

Информация об авторах:

Рүстембаев Базархан Ергешович; доктор экономических наук, профессор; Председатель Правления; Казахский НИИ экономики АПК и развития сельских территорий; 050057 ул. Сатпаева, 30б, г. Алматы, Казахстан; e-mail: diartur@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0523-5648>.

Ахметова Динара Төлеухановна - **основной автор**; кандидат экономических наук; доцент кафедры «Учет и финансы»; Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина; 010011 пр. Победы, 62; г. Астана; Казахстан; e-mail: dinra09@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-6107-6565>.

Жунусова Раушан Мустафиевна; кандидат экономических наук; доцент кафедры «Учет и финансы»; Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина; 010011 пр. Победы 62, г. Астана, Казахстан; e-mail: ubs_51@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-0018-8424>.